

Ембі қаласының мектеп жаңындағы интернаты бар №7 ЖББОМ – де откізілген «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы мәлімет

2023-2024 оку жылы

Ембі қаласының мектеп жаңындағы интернаты бар №7 ЖББОМ – де 2023 жылдың 01 тамыз бен 20 қыркүйек айлары аралығында жалпы республикалық дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы үйымдастырылды. Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын, жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды жаңа оку жылында киім-кешекпен, оку-құралдармен қамтамасыз ету және мектепке келе алмай отырған балаларды анықтап, олардың біліммен қамтылмай қалмауларының алдын-алу. Осыған орай, мектебімізге қарасты мөлтек аудандарды арау барысында мектепке келе алмай, біліммен қамтылмай отырған балалардың жоқ екені анықталды.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 07 тамызы №1-681 бүйрығы негізінде мектепшілік бүйрық шыгарылды. Жоспар құрылыш, сол жоспар бойынша мекемелерге қызметтік хаттар таратылып, қайырымдылық акцияға демеушілерді тарту жұмыстары жүргізді. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, көмекке мүқтаж отбасы балаларының тізімі құрылды. 30 шақты баланың ата-анасынан өтініш түсті. Сол өтініштер негізінде балаларға төмендегідей көмектер көрсетілді.

«Самурық Қазына» корынан көлемі – 175 000тг болатын 1 сыныптың көп балалы, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасындағы 7 баласына мектеп сөмкесі мен оку-құралдар табысталды. Жеке кәсіпкер К.Базарбаева 4 баланы көлемі – 44 800 тг болатын мектеп сөмкесі мен оку – құралдармен қамтамасыз етті. «Адсана» сауда орталығының қожайыны Н.Ж.Сарбасов 2 баланы көлемі – 60 000тг болатын мектепке қажетті киімдермен, оку-құралдармен қамтамасыз етті. «Әділег» сауда орталығының қожайыны 2 баланы көлемі – 50 000тг болатын киімдермен, оку-құралдармен қамтамасыз етті. Жем Локомотив Депосының ұжымы 2 баланы көлемі – 52 000тг болатын киімдермен, оку-құралдармен қамтамасыз етті. Демеуші тарапынан 1 отбасының 3 баласы көлемі – 20 000тг болатын оку-құралдармен қамтамасыз етілді. Қамқоршылық кеңестің төрагасы мен мүшелері де көлемі – 22 395 тг болатын көмектермен қамтамасыз ете білді. «Табыс» киім дүкенінің қожайыны А.Елубаева көлемі – 15 335 тг түрінде акцияға өз үлесін коса білді. Мектеп мұғалімдері тарапынан көлемі 36 775 тг көмек көрсетілді. Ембі қалалық әкімдігі 10 баланы көлемі – 70 000тг болатын мектеп сөмкесімен, оку-құралдармен қамтамасыз етті. «DAULETTEN» қайырымдылық қорының «Ауылдағы ағайының балаларына» қайырымдылық шарасынан үйден оқитын 1 окушы көлемі – 25000 тг болатын мектеп сөмкесімен, оку-құралдармен қамтамасыз етілді. Жалпы 38 балаға көлемі – 571 305 тг қайырымдылық көмек көрсетілді.





Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша 2023-2024 оку жылының 10 қаңтар мен 10 ақпан айлары аралығында өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы туралы мәлімет

2024 жылдың 10 қаңтар мен 10 ақпан айлары аралығында дәстүрлі республикалық «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияның басты мақсаты – алеуметтік жағынан қоргалмаған, күнкөрісі төмен отбасы балаларына, көпбалалы отбасы балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған отбасы балаларына алеуметтік көмек көрсету.

«Қамқорлық» қайырымдылық акциясын өткізу туралы мектеп ұжымына мәлімденіп, мектептің алеуметтік желісіне салынып, хабарланды. Акцияның жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілермен бірлесе демеушілік көмекті қажет ететін, қайырымдылық көмекке мұқтаж отбасы балалары анықталып, тізімі құрылды. Қайырымдылық акцияға демеушілерді тарту мақсатында қызметтік хаттар таратылды. Жоспар бойынша төмөндегідей шаралар өткізілді.

«Қайырымдылық – қайырлы іс» тақырыбында 5-6-7-8 сынып оқушылары арасында казак тілі және әдебиет пәннің мұғалімдерінің үйымдастыруымен эссе жазу жұмысы жүргізілді.



«Мейірімділік» тақырыбында 8 а сынып жетекшісі тәрбие сағатын өткізді.



Интернат тәрбиеленушілері жалғызбасты ананың үйіне барып, ауласының карын тазалап, қайырымдылық көмек көрсетті.



1-4 сынып аралығындағы оқушылардың арасында «Мейірімділік – асыл жүректен» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.



8 «а» сынып оқушылары бір-бірлеріне көмек қолын созып, «Жақсылық жасаудан жарысайық» тақырыбында челлендж ұйымдастырды.



8 «б» сынып оқушылары жалғызбасты орыс әженің үйіне барып ауласын қарын тазалап, азық-түліктей көмектерін беріп, «Жақсылық жасаудан жарысайық» тақырыбында челлендж ұйымдастырды.



9 «а» сынып оқушылары далада жұмыс жасап жүрген агаларымызға ыстық шәй мен тәтті тоқаштар таратып, «Жақсылық жасаудан жарысайық» тақырыбында челлендж ұйымдастырды.



9 «б» сынып оқушылары жалғызбасты ананың үйіне барып, көмек қолдарын созып, азық-түліктей көмектерін беріп, «Жақсылық жасаудан жарысайык» тақырыбында челлендж үйымдастырды.



10 «а» сынып оқушылары жалғызбасты, мүгедектігі бар ер адамның үйіне барып, ауласын қардан тазалап, азық-түліктей көмектерін беріп, «Жақсылық жасаудан жарысайық» тақырыбында челлендж үйымдастырды.




10 «б» сынып оқушылары мектебіміздің кіші қызметкер апаларымызға көмектесіп, «Жақсылық жасаудан жарысайық» тақырыбында челлендж үйымдастырды.



Мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілерінің «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көрерсің» тақырыбында қайырымдылық жәрменкесін өткізіп, жәрменкеден түскен каражатты МАД «А» тобының ата-аналары ақылдасып, мүгедек баланың анасының есепшотына 11 700 тг аударды. МАД «Б» тобының ата-аналарының келісімімен топтарындағы өгей ата-анамен тұратын балаға көлемі 28 000 тг болатын қыс куртка, бас киім шарфымен алып берді. Спорттық киім киім дүкенінен сыйлыққа берілді.



11 «А» сынып жетекшісі Ж.З.Куанышева оқушыларға «Ата-анаға қамқорлық» тақырыбында бейнеролик көрсетті. Оқушылар көрген бейнероликтерінен алған әсерлерімен бөлісті.



Интернат тәрбиеленушілері мен оқушыларды қайырымдылық, мейірімділікке тәрбиелеп, бір-біріне деген көмек қолын созуга үйрету мақсатында «Қолдан келсе, қолғабыс бол» тақырыбында психологтардың үйымдастыруымен психологиялық тренинг өткізілді.



Акция аясында Жем пайдалану локомотив депосының ұжымы 2 баланы көлемі 51 900тг болатын жылы киімдермен қамтамасыз етті.



Әлеуметтік осал топтағы отбасының балалары акцияға түскен қаражаттан киімдермен, оку-құралдармен қамтамасыз етілді.



«Қамқорлық» қайырымдылық акциясында жалпы көлемі - 222 689 тг болатын қаражатқа 30 оқушы киімдер мен оку-құралдармен қамтамасыз етілсе, 4 отбасы азық-түлікпен қамтамасыз етілді.